Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

22.09.2023 жыл № 151010000-КпОПО-31-248713

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РММ

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы 970240000853, "Ақтөбе қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 40 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы.

Заңның 31 – бабының 2-тармағына сәйкес Сіз камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы осы хабарламаны (бұдан әрі-хабарлама) ол тапсырылған (алынған) күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Хабарлама қарсылықтарды қарау нәтижелерін ескере отырып, хабарламада көрсетілген бұзушылықтар жойылған кезде хабарлама орындалды деп танылады.

Бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты (қажет болған жағдайда растайтын құжаттарды) камералдық бақылау жүргізу қағидаларына (бұдан әрі-қағидалар) 4 – қосымшаға сәйкес хабарламаны жіберген уәкілетті органға веб-портал арқылы мемлекеттік аудит объектісі ұсынады.

Осы Қағидалардың 35-тармағына сәйкес хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, мемлекеттік аудит объектісі қажет болған кезде ол веб-портал арқылы жеткізілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес уәкілетті органға қарсылық жібереді.

Қажет болған кезде қарсылыққа қарсылықтың дәлелдерін растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау Заңның 32-бабының 1-тармағына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға әкеп соғады, сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабының 3-бөлігіне сәйкес лауазымды адамдардың әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.

Заңның 60-бабына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Анықталған бұзушылықтар сипатталған қосымша 1 парақта.

Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті
орган аумақтық ведомствосының басшысы
Қасымов Сакен Жұмағалиұлы _____

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша
анықталған бұзушылықтарды жою туралы
хабарламаға қосымша

Мен, Сотрудник "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РММ Изтлеуов Асылбек Сагингалиевич «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес камералдық бақылау жүргіздім тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде, мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы Хабарламаның №: 10470151-1 Услуги по организации питания для детей из малообеспеченных семей. Услуги по организации питания учащихся 1-4 классов Лоттың № 62462984-КпОПО1 Услуги по организации обеспечения питания детей камералдық бақылау жүргізілді.
Камералдық бақылаудың нәтижесімен келесі бұзушылық (-тар) анықталды:

Бұзушылық тармағының нөмірі	Тәуекел бейіні	Ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтарына және тармақшаларына сілтеме жасай отырып, бұзушылық сипатының сипаттамасы	Бұзушылықтарды растайтын құжаттардың деректемелері мен атаулары

Пункт 1	№31 - т?уекел бейіні	2023 жылдың 1 тамызында №10448284-1 «Азық-түлік сатып алу» сатып алуы жарыяланған. Сатып алудың тәсілі: Тәрбиеленушілер мен білім алушылардың тамақтануын қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу жөніндегі Конкурс. Сатып алу мәнінің түрі: тауар. Сатып алудың 2023 жылдың 25 тамызындағы №10205681 қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші «Нұр опторг 10» ЖШС-не 62424088-КППТСОПО1 лоты бойынша хаттаманың «Конкурстың мәні болып табылатын тауар нарығындағы соңғы 5 жылдағы жұмыс тәжірибесі» өлшемшарты бойынша 4 балл берілген. Сонымен қатар, азық-түлікті арнайы автокөлікпен жеткізу шарттары бойынша әлеуетті өнім беруші «Нұр опторг 10» ЖШС-не 3 балл берілген. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидасының (бұдан әрі - Қағида) 20-тармағының 5)-тармақшасына сәйкес, «Конкурсты ұйымдастырушы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Өнім берушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға (бұдан әрі – Үлгілік конкурстық құжаттама) сәйкес конкурстық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді, ол Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8-қосымшаларға сәйкес қызметтерді немесе тауарларды жеткізушіні таңдау өлшемшарттарды қамтиды». Қағиданың 64-тармағына сәйкес, «Конкурстық комиссия конкурс қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қатысты Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8-қосымшалардағы өлшемшарттарға сәйкес балл қояды» деп көрсетілген. Қағиданың Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарларды жеткізушіні, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымшасының (бұдан әрі – 8-қосымша), 1-бағанына сәйкес, «Конкурстың мәні болып табылатын тауар нарығындағы соңғы 5 жылдағы жұмыс тәжірибесі «Әр 12 айға 1 балдан, бірақ 5 балдан аспайды» деп көрсетілген. 8-қосымшаның ескертпесінің 1-тармағына сәйкес, «ағымдағы жылдың алдындағы соңғы 5 жылдағы жұмыс тәжірибесінің болуы тауарларды жеткізу кезеңі, осы шарттарды орындаудың соңғы айы үшін тауарларды қабылдау-тапсыру актілері көрсетіле отырып, бұрын жасалған шарттардың көшірмелерімен расталады» деп нақты көрсетілген. Осылайша, Департаментпен әлеуетті өнім беруші «Нұр опторг 10» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесіне зерделеу жүргізу барысында келесідей анықталды. 2018 жылы бойынша әлеуетті өнім берушімен «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің «Ақтөбе облыстық оңалту (арнайы) орталығы» КММ-мен 2018 жылдың 26 қаңтарындағы №1 мемлекеттік сатып алу туралы үлгі шарты ұсынылған. Шартқа сәйкес, міндеттемелерді орындау мерзімі 2018 жылдың 31 желтоқсанына дейін деп көрсетілген. Сонымен бірге, әлеуетті өнім беруішмен тауарларды қабылдау-тапсыру актісі ұсынылған. Алайда, актінің мерзімі белгіленбеген. Дегенмен, Қағида талабына сәйкес, соңғы ай үшін тауарларды қабылдау-тапсыру актілері және шарттардың көшірмелерін ұсыну тиісті. 2019 жылы бойынша әлеуетті өнім берушімен «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің «Ақтөбе облыстық оңалту (арнайы) орталығы» КММ-мен 2019 жылдың 08 ақпанындағы №1 мемлекеттік сатып алу туралы үлгі шарты ұсынылған. Шарттың жарамдылық мерзімі 2019 жылдың 31 желтоқсанына дейін. Яғни, Қағидаға сәйкес, қажетті 12 ай талабы сақталмаған. Сонымен бірге, әлеуетті өнім беруішмен тауарларды қабылдау-тапсыру актісі ұсынылған. Алайда, актінің мерзімі белгіленбеген. Дегенмен, Қағида талабына сәйкес, соңғы ай үшін тауарларды қабылдау-тапсыру актілері және шарттардың көшірмелерін ұсыну тиісті. 2020 жылы бойынша әлеуетті өнім берушімен "Ақтөбе облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Жайсаң көпсалалы колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесімен 2020 жылдың 02 сәуірінде азық-түлік сатып алуға №106 шартын ұсынылған. Шарттың жарамдылық мерзімі 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейін. Яғни, Қағидаға сәйкес, қажетті 12 ай талабы сақталмаған. 2021 жылы бойынша әлеуетті өнім берушімен "Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№2 "Айгөлек" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынымен 2021 жылдың 26 шілдесінде азық-түлік сатып алуға шартын ұсынған. Шарттың жарамдылық мерзімі 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін. Яғни, Қағидаға сәйкес, қажетті 12 ай талабы сақталмаған. Осы орайда, әлеуетті өнім беруші «Нұр опторг 10» ЖШС-не 62424088-КППТСОПО1 лоты бойынша хаттаманың «Конкурстың мәні болып табылатын тауар нарығындағы соңғы 5 жылдағы жұмыс тәжірибесі» өлшемшарты бойынша 4 балл дұрыс емес есептелгендігін хабарлаймыз. Сонымен қатар, қағиданың 72 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші: 1) егер ол мынадай негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп анықталса: конкурстық құжаттамаға біліктілік туралы мәліметтерді ұсынбаса, сол сияқты мәліметтерді толық ұсынбаса деп көрсетілген. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарларды жеткізушіні, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 6-қосымша нысанда, әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтерінде, тауарды жеткізу орны және күні көрсетілу керек деп нақты көрсетілген. Алайда әлеуетті өнім беруші «Нұр опторг 10» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесіне зерделеу жүргізу барысында, тауарды жеткізу күні туралы ақпарат көрсетілмеген. Осылайша конкурстық комиссия шешімі дұрыс емес қабылданғандығы анықталды. Яғни әлеуетті өнім беруші «Нұр опторг 10» ЖШС-не «Конкурстың мәні болып табылатын тауар нарығындағы соңғы 5 жылдағы жұмыс тәжірибесі» өлшемшарты бойынша 0 балл болуы тиіс. 8-қосымшаның ескертпесінің 3-тармағына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22066 болып тіркелген) талаптарына сәйкес мамандандырылған көліктің бар болуына арналған құжаттар, әлеуетті өнім беруші автокөліктің мамандандырылған автокөлікке қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын әулетті өнім берушінің қолымен куәландырылған анықтама (автокөліктің техникалық сипаттамаларын, автокөлікке техникалық паспорттың мәліметтерін (№, берілген күні, автокөліктің маркасы, автокөліктің мемлекеттік тіркеу нөмірі, иесі) ұсынылған кезде тиісті балл қойылады» деп нақты көрсетілген. Департаментпен әлеуетті өнім беруші «Нұр опторг 10» ЖШС азық-түлікті арнайы автокөлікпен жеткізу шарттары бойынша зерделеу жүргізу барысында келесідей анықталды. Әлеуетті өнім беруші «Нұр опторг 10» ЖШС-гі автокөліктің мамандандырылған автокөлікке қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын әулетті өнім берушінің қолымен куәландырылған анықтама ұсынбаған. Осылайша, әлеуетті өнім беруші «Нұр опторг 10» ЖШС-нің азық-түлікті арнайы автокөлікпен жеткізу шарттары бойынша 0 балл болуы тиіс. Анықталған бұзушылықтар жойылуға жатады.	Қорытынды хаттама

(Әрбір бұзушылық фактісі жеке тармақпен белгіленеді және тәуекел бейінін көрсете отырып, ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтары мен тармақшаларына сілтеме жасай отырып, бұзушылық сипатын сипаттай отырып, толассыз тәртіппен нөмірленеді. Бұзушылық сипаттамасында бұзушылықтарды растайтын құжаттардың деректемелері мен атауларына сілтеме жасалады.)

Жоғарыда баяндалғанның негізінде анықталған бұзушылықтар Камералдық бақылау жүргізу қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес жойылуға жатады.

Уведомление
об устранении нарушений, выявленных по результатам
камерального контроля

22.09.2023 года № 151010000-КпОПО-31-248713

РГУ "Департамент внутреннего государственного аудита по Актюбинской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан"

В соответствии с подпунктом 1) пункта 4 статьи 30 Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» (далее – Закон) уведомляет Коммунальное государственное учреждение "Средняя общеобразовательная школа № 40" государственного учреждения "Отдел образования города Актобе", 970240000853, г.Актобе о нарушениях, выявленных по результатам камерального контроля.

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Вам необходимо исполнить настоящее уведомление об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля (далее – уведомление) в течение десяти рабочих дней со дня, следующего за днем его вручения (получения).

Уведомление признается исполненным при устранении нарушений, указанных в уведомлении с учетом результатов рассмотрения возражений.

Информация об устранении нарушений (при необходимости подтверждающие документы) представляются объектом государственного аудита посредством веб-портала в уполномоченный орган, направивший уведомление согласно приложению 4 к Правилам проведения камерального контроля (далее – Правила).

В соответствии с пунктом 35 настоящих Правил, при несогласии с нарушениями, указанными в уведомлении, объект государственного аудита при необходимости в течение пяти рабочих дней со дня, следующего за днем его доставки посредством веб-портала направляет уполномоченному органу возражение согласно приложению 6 к настоящим Правилам.

При необходимости к возражению прилагаются копии документов, подтверждающих доводы возражения.

Неисполнение в установленный срок уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, влечет приостановление расходных операций по кодам и счетам объектов государственного аудита, открытых в центральном уполномоченном органе по исполнению бюджета, а также банковским счетам (за исключением корреспондентских) объектов государственного аудита в соответствии с пунктом 1 статьи 32 Закона, а также административную ответственность должностных лиц в соответствии с частью 3 статьи 462 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

В соответствии со статьей 60 Закона действия (бездействие) органов государственного аудита и финансового контроля и (или) их должностных лиц могут быть обжалованы в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Приложение с описанием выявленных нарушений на 1 листе(-ах).

Руководитель территориального ведомства
уполномоченного органа по внутреннему
государственному аудиту
Қасымов Сакен Жұмағалиұлы _____

Приложение
к уведомлению об устранении нарушений,
выявленных по результатам камерального
контроля

Мной, Сотрудник РГУ "Департамент внутреннего государственного аудита по Актюбинской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан" Изтлеуов Асылбек Сагингалиевич в соответствии со статьей 30 Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» проведен камеральный контроль № объявления: 10470151-1 Услуги по организации питания для детей из малообеспеченных семей. Услуги по организации питания учащихся 1-4 классов № лота 62462984-КпОПО1 Услуги по организации обеспечения питания детей на основании системы управления рисками посредством веб-портала государственных закупок.
По результатам камерального контроля установлено(-ы) следующее(-ие) нарушение(-я):

Номер пункта нарушения	**Профиль риска**	**Описание характера нарушения, со ссылкой на статьи, пункты и подпункты нормативных правовых актов, положения которых нарушены**	**Реквизиты и наименования документов, подтверждающих нарушения**
Пункт 1	Профиль риска №31		

(Каждый факт нарушения фиксируется отдельным пунктом и нумеруется в сквозном порядке с указанием профиля риска, описанием характера нарушения со ссылкой на статьи, пункты и подпункты нормативных правовых актов, положения которых нарушены. В описании нарушения делается ссылка на реквизиты и наименования документов, подтверждающих нарушения.)

На основании вышеизложенного, выявленные нарушения подлежат устранению в соответствии с приложением 3 к настоящим Правилам проведения камерального контроля.